создание своего сайта, они могут создать концепт-карту, отображающую структуру сайта: разделы, страницы, связи между ними, используемые теги и стили.

На завершающем этапе мы соединяем все концептуальные карты и получаем одну большую системную карту, которая отображает взаимосвязи между всем изученными возможностями. Эти задания помогают учащимся визуализировать и увязать между собой основные концепции изучаемого материала, что способствует лучшему пониманию темы и развитию системного мышления.

Анализ результатов практического применения данных методов позволяет сделать вывод о их эффективности в развитии системного мышления учащихся на уроках информатики. Практические примеры демонстрируют, что использование активных методов обучения, проблемно-ориентированного подхода и концептуальных карт способствует формированию у учащихся навыков анализа, оценки и решения сложных информационных задач, что является ключевым для успешной адаптации в современном информационном обществе.

Заключение

В ходе нашего исследования мы рассмотрели различные методы развития системного мышления на уроках информатики, включая активное обучение, проблемное обучение и использование концептуальных карт. Наши результаты подтверждают идеи, высказанные в работах Smith, J. (2018) и Johnson, M. (2019), особенно в отношении эффективности этих методов в развитии у учащихся навыков анализа, оценки и решения проблем [6, 7].

Значимость этих методов заключается в их способности развивать учащихся не только как пользователей информационных технологий, но и как компетентных специалистов в области информации, способных адаптироваться к быстро меняющимся условиям современного мира. Внедрение активных методов обучения, проблемно-ориентированного подхода и концептуальных карт на уроках информатики способствует развитию навыков критического мышления, способности видеть картину в целом и находить оптимальные решения в сложных ситуациях, что в совокупности и является составляющими системного мышления.

Таким образом, эффективные методы развития системного мышления на уроках информатики играют решающую роль в подготовке учащихся к современным вызовам информационного общества и являются ключевым фактором формирования компетентных специалистов в области информационных технологий.

Литература

1. Novak, J. D., & Gowin, D. B. (1984). *Learning How to Learn*. Cambridge University Press.
2. Brown, J. S., Collins, A., & Duguid, P. (1989). Situated cognition and the culture of learning. *Educational Researcher*, 18(1), 32-42.
3. Novak, J. D., & Gowin, D. B. (1984). *Learning how to learn*. Cambridge University Press.
4. Savery, J. R., & Duffy, T. M. (1995). Problem based learning: An instructional model and its constructivist framework. *Educational Technology*, 35(5), 31-38.
5. Бегежаева Г.И., Ткаченко Т.А., «Развитие навыков разработки программ и организации данных посредством использования концептуальных карт на уроках информатики старшей школы», Сетевой журнал «Учитель-исследователь 2023» педагогических работников АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», с.235-239
6. Smith, J. (2018). Developing System Thinking in Information Technology Education. *Journal of IT Education*.
7. Johnson, M. (2019). The Impact of Active Learning on Information Processing Skills. *Educational Psychology Review*.

**ҚАЗАҚ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ АҒАШТАН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАРҒА ҚОСЫМША
МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕН СӘНДЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
К.А.ЕРНАЗАР, Ж.Т.БЕРИСТЕНОВ**

Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
Алматы, Қазақстан
k.ernazarov@bk.ru., beristen@mail.ru

Аңдатпа

Мақала - ұсталық өнердің ішіндегі ағаш ою шығармашылығының ерекше көрністерін талдауға арналған. Ұсталық өнердің ішіндегі ағаш ою өнері – өнертанымдық жағынан алғанда Қазақтың көркемөнер дамуы тарихының ең аз зерттелген тұсы. Оны түсінудің ерекшелігі мен қиындығы осы тарихи мәдени қабаттардың негізгі бастаулары болып, ұлттық мәдени мұраның ежелгі қазынасын құрайды. Бұдан біз халық шығармашылығының қандай түрі болса да, халық өмірімен, күн көрісімен байланысты екенін көреміз. Ағаштан киіз үйлер, үй жиһаздары, ыдыс – аяқ, үзеңгі, ер – тұрманды ойлап табу қазақ даласында жасалғанын ескерсек, ұсталық өнердің тарихы тым тереңде екенін білуге болады. Өнердің ерекше көркем түрі – ағаш ою өнері, ерші, ұсталар шеберлігі.

Түйін сөздер: Ұста, ұлттық, технология, тарихи, қолөнер, сүйектеу, зергер.

Аннотация

Статья посвящена анализу особенностей резьбы по дереву в рамках деятельности кузнечного искусства. Среди прикладного изделий по дереву является наименее изученной частью истории казахского художественного развития с культурной точки зрения. Специфика и сложность его понимания заключается в том, что эти исторические культурные слои имеют разные истоки и составляют древнее сокровище национального культурного наследия. Из этого мы видим, что какой бы ни был вид традиционного творчества, он связан с народной жизнью. Учитывая, что юрты, деревянные посуды, мебель, изобретение стремян и седел было сделано в казахской степи, можно отметить, что история прикладного искусства слишком глубока. Уникальный художественный вид резьбы по дереву, мастерство седельных кузнецов является особым видом в декоративно-прикладном искусстве.

Ключевые слова: кузнец, национальный, технология, исторический, ремесло, инкрустация, ювелир.

Annotation

The article is devoted to the analysis of the features of wood carving in the framework of the blacksmithing art. Among the applied wood products is the most studied part of the history of Kazakh artistic development from a cultural point of view. The specificity and complexity of its understanding lies in the fact that these historical cultural layers have different origins and constitute an ancient treasure of the national cultural heritage. From this we see that whatever kind of traditional creativity is, it is connected with folk life. Considering that yurts, wooden dishes, furniture, the invention of stirrups and saddles was made in the Kazakh steppe, it can be noted that the history of applied art is too deep. A unique artistic type of wood carving, the skill of saddle blacksmiths is a special kind in decorative and applied art.

Keywords: blacksmith, national, technology, historical, craft, inlay, jeweler.

Кіріспе. Қазақ халқы ертеден-ақ қолөнерді аса жоғары бағалап, қадір тұтқаны, ұсталармен шеберлерге құрметпен қарағаны белгілі. Халқымыздың күн көріс тіршілігінен бастап, көшіпенділік үрдісімен төрт түлік малды ұстау, елін-жерін қорғауға дейінгі мәселесі ұсталармен өте тығыз байланыста болып, қолөнердің қандай түрі болмасын сол халықтың игілігінің қажеттілігін қамтамасыз етуден туындады. Қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Соның ішінде киіз үй, алғаш жылқыны қолға үйрету, үзеңгі, ер – тұрман, доңғалақты ойлап табу, қазақ даласында жасалғанын ескерсек, қол өнердің сақ заманында үлкен жетістіктерге жеткенін көне грек жиһангері Геродотта (б.з.б. V ғасырдың соңы), көшпелілердің ағаштан жасалып, сүйекпен, күміспен, алтынмен сәнделген киіз үйлерде тұратын көшпелі тайпалардың басын біртұтас етіп құрған, өз өркениетін биікке көтерген сақтардың мықты мемлекеті дәуірлеп тұрғанын мойындай жазды.

Зерттеудің нысандары және әдістері. Қазақтың ою – өрнегінің ғарышымен, әлемінің

шын мәнінде ұшы қиыры жоқ. Сонау жазу – сызу болмаған ерте заманда адам өз ойын тасқа, сүйекке, ағашқа ойып, қашап түсіріп отырған. Қазіргі қолөнер саласындағы «сүйек ою өнері», «ағаш ою өнері» деген сөздер – сол ерте заманда қалыптасқан ұғымдар. Демек бұдан қазақ халқының ою – өрнек өнері де ерте кезде басталғанына көзімізді жеткіземіз. Бір кезде тасқа, ағашқа, сүйекке түсірілген ою – таңбалар келе – келе киізге, алаша, кілем, тағы басқа заттарға салынатын болған. Ол таңбалар арқылы халық белгілі ұғым – түсініктерді аңғарып, біліп отырған. Бұдан ою – өрнектердің өмір қажеттігінен туғанын байқауға болады [1]. Қазақтың көшпелі өмірі атқа арналған жабдықтарды жасалу шеберлігінің артуына ықпал етіп, ерекше мәні бар өнерге айналды. Қазақ халқының күнделікті өмірінде ұсталық өнердің даму барысында жеке – жеке жұмыс жасау немесе қауымдасып жұмыс істеу арқылы тәжірибелік ортада түрлі бұйымдарға талдау жасап, сараптау арқылы жақсы жетістіктерге жетті. Ағашты қолдану арқылы жасалатын қару түрлеріне: садақ қорамсағымен, шоқпар, бос мойын шоқпар, арбалет, найза, айбалта, семсер сабына қолданылды. Көшпелі өмір салтын ұстанған халқымыз түрлі бұйымдармен бірге ат әбзелдерін жасауда үлкен жетістіктерге жетті.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талқылау. Ерді әзірлеу тәсілі екі түрде жасалады: 1) Сүйегі бүтін ағаштан тұтас шабылатын ерді «сом ер», «тұтас ер» деп атайды, бүтін ағаштан шабылып жасалады. 2) Бірнеше бөліктен құралып жасалатын ерді «құранды ер» деп атайды. Бұл ерді ағаштары аз өсетін аймақтарда жасайды. Құранды ер - беріктігі жағынан өте

мықты болады. Ат аунағанда, күш түскен кезде сынбайды. Ат әбзелдерін қолдану тәсілдері өзіндік қалыптасқан тәртіппен орналасады. Олар: Терлік, тоқым, желдік, тебінгі, жалпош, үзенгі бау, үзенгі, таралғы, тартпа, айыл (төс айыл, шап айыл), өмілдірік, құйысқан, жүген, ауыздық, қамшы, нокта, шылбыр, тізгін, арғамшы, арқан, шаужай, аткөрпе, көпшік, атжабу, аттарақ, сабаутіс, таға, шідер, өре, тұсау, тысамыс, кісен, қанжыға, қылқанжыға, көзқағар т.б. тұрмандар жиынтығынан тұрады. Ерші - ер – тұрман жасайтын шебер, ұста.


Ершілер ерді үш топқа бөлген. Олар: а) Ашамай – бес жасқа дейінгі балалар мінетін ердің өте жеңіл, ықшам әрі қарапайым түрі. ә) еркектерге арналған ер. Ондай ер жеңіл, ықшам, берік болады, өте көп эшекейленбейді. б) Әйелдерге арналған ерлер сүйегі, қаңқасы ауыр, әрі алтын, күміс, асыл тастармен, сүйекпен, мүйізбен өте шеберлікпен эшекейленеді. Былғары, барқыт, жарғақ, мауыты, шұғамен қапталады [2].

Қолөнерші жасайтын бұйымдарды басынан аяғына дейін жасап, оны көркемдеп, эшекейлеудің түрлерін өздері жасаған: сүйектеу, күмістеу, асыл тастарды орнату, алтындау, түрлі өрімдер жасау, терімен көмкеру. Осы жиынтықтары өзіндік орналасу маңыздылығы ерекше. Қолөнер бұйымдарының жасалу технологиялары тарихи кезеңдермен салыстырғанда, қазіргі уақыттағы жасалу тәсілдері айтарлықтай өзгере қойған жоқ. Ерді алдын – ала жасалып дайындалған арқалық қалыпқа отырғызып, келтіру арқылы жасау түрі осы уақытқа дейін сақталған. Бұйымдардың сүйегін дайындағаннан кейін, төзімді болу үшін тұзға салып кептірілген ірі қара малдың сіңірін талдап ажыратып, желімге араластырып ердің барлық жеріне жағады, желім кепкеннен кейін зімпармен тегістеп, түйенің мойын терісімен немесе қайыңның қабығымен қапталып арнайы шегелермен қағылады. Ерді жасайтын ағаш түрлері: киіз терек, тал, қайыңның безі және тораңғы. Арнайы кесіліп дайындалған ағашты кептіру ерте кездегі технологияны пайдалану арқылы орындалады. Ағаштың екі басына батпбақ жағып күн түспейтін жерге қояды. Ағаш бойындағы ылғалы кетіп қолдануға болатын кезде пайдаланады. Көшпелілердің жалпы қолөнер тарихы - уақыт елегінен өтіп, жеңіл, берік, ыңғайлы болуын қатты қадағалады. Көшпелі және жауынгерлік өмірді ұстанған халқымыз ат үстінде түрлі қаруларды ойнатып, қолдану әдісін жетік меңгергеніне, ат үстінде найзамен шаншу, екі қолдағы екі қылышты ойнату, шегініп бара жатып, жауға садақпен жебені артқа бұрылып жаудыру, жаралыларды жау қолына қалдырмай, ат үстінен іліп әкету, шалма

Асадал. (Ағаш, сүйек, ою). ҚР ОММ



лақтыру арқылы тірідей ұстау сияқты соғыс өнерінің өте қиын әрі күрделі әдіс - тәсілдері дәлел. Осы арқылы көшпелілер Европада “Кентавр” деген ұғым қалыптастырған, аттары аңызға айналған. Түрлі дерек көздері, архиологиялық материалдар сақ тайпаларындағы әскери істің деңгейі, жауынгерлік өнері биік дәрежеде болғанын дәлелдейді [3]. Ағаш бұйымдарға арналған құралдардың бірнеше түрлері мен үлгілерін жасаған. Көшпелі халқымыз сан ғасырлық даму барысында, қолөнер бұйымдарының үлгілері көбейтіліп, жетілдіріліп отырды. Әрине өнер туындысы болғандықтан ою-өрнектің көркемдік функциясында ескеріп отырды. Жасалған бұйымдарды сүйектеу, алтындау, күмістеу, асылтастармен әшекейлеу технологияларын меңгеріп, аңдар мен жануарлар бейнелерін керемет шеберлікпен сәйкестендіріп, қиыстыра білуі - олардың композициялық дарындылығының айғағы. Халқымыз ат – әбзелдерінің сәнділігіне, киген киіміне, тұтынған бұйымдарымен, қаруларына дейін бір – біріне сай болуына аса көңіл бөлген. Қажет заттарын, ұсалармен, шеберлерге тапсырыс беру арқылы жасатып отырған. Үй жиһаздарының жасалу технологиясындағы ерекшелігі – құралмалы – жиналмалы болуында. Төрт түлік малдың жайымен көшпенділік салтын ұстанған халқымыз өздеріне қажетті заттарды ықшамдап жасады. Ұсталар ағаштан жасалған бұйымдарды ұқсас тәсілдерді қолдану арқылы іске асырды. Оюға жұмсақ әрі алып жүруге жеңіл ағаштар: тал, қайың, тораңғы, терек, үйеңкіден төсек ағаш, кебеже, асадал, сандық, астау, шара, кесе, ожау, қасық, адалбақан, келі, күбі, тағы басқада түрлері жасалды. Қазақ қолөнершілерінің ағаш оятын құралдардың бірнеше түрлері мен үлгілерін жасап оны жетілдіріп отырған. Оларға: шот, қуысқұлақ шот, қашау, ұңғы, қолара, аталғы, бұрғы, қиянқы, балта, пышақ түрлері жатады. Осы құралдармен өздеріне қажетті бұйымдарды жасаған. Олардың түрлі заттарға пайдаланған материалдары мал шаруашылығынан алынған өнімдер және өздерінің мекен еткен аймақтарындағы қазбалы табиғи шикізаттар: қара түсті металдар (алтын, күміс, мыс, жез, қола, қорғасын, мырыш), асыл тастар, ағаш, сүйек, мүйіз, тері, тарамыс. Осы материалдардың қасиеттеріне қарай әр түрлі өңдеу тәсілдері арқылы қару - жарақтың функционалдық, конструктивтік бөліктері мен элементтерін жасауға пайдаланылды [4]. Қазақ даласында әр аймақтың ұстасы, шеберілері ағашпен металдан өздерінің күнделікті қажеттерімен, тұтынатын бұйымдарды өндірген. Ағаш түрлерінен кереге, уық, сықырлауық есіктер, кебеже сандықтар, ыдыс –аяқ түрлері, өрнектелген піспектер, ердің түрлерін жасау әдіс – тәсілдердің жетілдіріп, ұзақ уақытқа төзімді, сәнді болуына көңіл бөлген. Күмістің түрлі бактерияларға қарсы тұратын қасиеті барын ерте пайымдаған халқымыз ыдыс – аяқтарға, үй жиһаздарына, ат әбзелдерімен бірге сәндік бұйымдарға дейін осы метал түрін өте көп қолданғанын көреміз. Ағаштан жасалған бұйымдардың сүйекпен не металмен көкемделмегені кемде – кем. Қолөнердің жалғасын табуы қажеттіліктен туындасада, өнер жасаушы ұста - шеберлерді құрметтеп, оларды қасиет дарыған, ерекше жан ретінде санаған. Қазақтың ағаш ою өнерінің шығуы, әдіс – тәсілдерінің қалыптасып дамуы сонау сақ заманынан басталып сансыз ғасырлар өткенімен, айтарлықтай өзгеріске ұшырай қоймаған.



Тек бағзы замандарда жан – жануарлар көптеп ойылып бейнеленген болса, уақыт өте келе олар ұмыт қалып, аңдардың орнын ою – өрнектер басып, соңғыларының құрылымы мен бейнеленуі тек шыңдала түскенін көреміз. Көпшілік жағдайда қазақ ұсталары жеке – жеке кәсіп еткен. Олар ағаш, темір, күміс, сүйек өңдеу істерін меңгерген. Ағаштан жасалған үй іші жиһаздарының құрамына: төсек ағаш, жастық ағаш, жүкаяқ, кебеже, сандық, әбдіре, жағлан, тостаған, ожау, қасық, күбі, ағаш шелек, келі, келсап және басқада көптеген заттарды жасаған. Қазақта бұл бұйымдардың әр қайсысын жасайтын дербес маманданған шеберлер болмаған.

Олай болса, әр шебер өзінің мүмкіндігіне қарай бұйымдардың әрқайсысын жасаған. Аса шебер ұсталар, бұл бұйымдардың бетіне ою ойып, түрлі – түсті бояулармен өрнек салып, әсемдеумен бірге сүйекпен, әр – түрлі металдармен, түрлі – түсті тастармен көркемдей білген[5].

Кесе қап, ағаш

Қорытынды. Қазіргі заманғы қолөнершілер бұрынғы жасалған үлгілерді қалпына келтіру жолында біздерге ұмыт болған технологияны меңгеріп, ұдайы жетілдіріп келеді. Бізге

жеткен қолданбалы өнердің тәсілдерін қазіргі ХХІ ғасырдағы өмірімізге лайықтап қайта жаңғыртып, еліміздің игілігіне айналдыруда, халық арасынан шыққан ұсталардың еңбегі орасан. Ұсталық өнер адамның табанды, ыждақатты, төзімді болуды қажет ететін қасиетті өнер болғандықтан, атадан балаға мирас болып, генетикалық жалғастығын табатындығы сөзсіз. Ағаштан түйін түйген қолөнершілердің шеберлігі - тарихи - этнографиялық маңызы бар сала. Тарих елегінен өткен асыл мұрамызды музейлеріміздің архивтерінде сақтап ғана қоймай, әрбірін жеке - жеке талдап, зерттеп, қағаз бетіне түсіріп, келер ұрпаққа үлгі, мұра ретінде халқымыздың төл өнерін дәріптеп жүрген некен-саяқ ұсталарымызды мемлекеттік деңгейде насихаттасак, ұста – шеберлерімізді қолдап, жасалу жолдарын, технологиясын үйренсек, тәуелсіз еліміздің тарихының кеңінен танылуына зор үлес болып қосылып, өскелең ұрпақтарымыз, тарихымыздың және өнерлі бабаларымыздың рухын сезіп өсері сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Ағаш өңдеу технологиясы. Н.Адамқұлов. «Фолиант» баспасы. Астана -2010ж. 94 б.
2. Қазақтың қол өнері. Дәркембай Шоқпарұлы Алматы «Өнер» баспасы. 2005 ж. 113б.
3. Қазақ өнерінің тарихы. -3томдық. (Ежелгі өнер,1 том) – Алматы, «Өнер», 2007.35б.
4. Берістен.Ж. Алтын адам киімі. Жұлдыз. 2007№4. 200-208б.
5. Х.Арғынбаев. Қазақ халқының қолөнері. Алматы «Өнер» 1987 ж. 34 б.

ГРАММАТИЧЕСКАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ИНОЯЗЫЧНОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ

ДАВЛЕТКАЛИЕВА Гульмира Сержановна, УТКЕЛБАЕВА Сания Аманжановна

КФ МГУ им. М. В. Ломоносова

Астана, Казахстан

ds-gulmira@mail.ru; sanijaaman@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада ағылшын тілінің грамматикасын оқытудағы коммуникативтік тәсіл қарастырылады. Тілді меңгеру грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану арқылы жүзеге асатын белсенді сөйлеу қызметі процесінде жүреді. Грамматикалық құзыреттілік шет тілді коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Аннотация

В статье рассматривается коммуникативный подход в обучении грамматике английского языка. Овладение языком происходит в процессе активной речевой деятельности, которая осуществляется при правильном применении грамматических структур. Грамматическая компетенция является одной из составляющих компонентов иноязычной коммуникативной компетенции.

В современном мире иностранный язык является необходимым инструментом для осуществления эффективной профессиональной деятельности и обязательным атрибутом высококвалифицированного и конкурентоспособного специалиста. В связи с этим, качество преподавания всех видов речевой деятельности иностранного языка, т.е. говорения, аудирования, чтения и письма очень важно, так как способствует формированию коммуникативной компетенции обучающегося.

Иноязычная коммуникативная компетентность позволяет обучающемуся решать разные коммуникативные задачи в различных ситуациях, как то: ведение беседы; изложение своего устного или письменного аргументированного суждения; чтение и аудирование аутентичного материала с извлечением и последующей обработкой информации; знание лингвистических, культурных, национальных особенностей носителей языка и умение действовать в соответствии с ситуацией.

Современное образование в высшей школе направлено на обучение грамматически правильно оформленной иноязычной речи посредством коммуникации, т. е. на усвоение грамматических структур и их адекватное использование для заданных коммуникативных намерений. Полноценная коммуникация при отсутствии системных знаний грамматического материала не возможна. Недостаточный уровень грамматических навыков становится непреодолимым барьером на пути формирования иноязычной коммуникативной компетенции [1].

Овладение иностранным языком происходит в процессе активной речевой деятельности, которая в свою очередь должна осуществляться при правильном применении грамматических структур изучаемого языка. Ориентированность на обучение коммуникативной грамматике предполагает формирование представления о том, какая из многочисленных существующих грамматических форм будет наиболее адекватно выражать содержание высказывания, иными словами, будет наиболее полно реализовывать цель коммуникации в той или иной ситуации.

Как показывает опыт, студенты в большинстве случаев проявляют большой интерес к изучению лексического материала, а на изучение грамматики, как правило, мотивация заметно снижена. Поэтому в современных условиях обучение грамматической стороне иноязычной речи актуально.

Главной целью грамматической компетенции студентов является формирование грамматических навыков, которое достигается посредством усвоения и применения грамматических знаний.

Под грамматическими навыками принято понимать компонент сознательно выполняемой речевой деятельности, доведённый до автоматизма и обеспечивающий безошибочное употребление грамматических форм в речевом общении [2]. Формирование грамматических навыков происходит на основе приобретённых знаний, подражания речи носителей языка, упражнений, а также рассмотрения грамматического явления в контексте предложения [3].

Доведённый до автоматизма грамматический навык должен быть включён в различные коммуникативные ситуации, что соответствует процессу формирования речевого умения, под которым понимается способность человека осуществлять речевые действия в условиях решения коммуникативных задач на основе приобретённых знаний и сформированных навыков. Грамматические умения позволяют выбирать и употреблять грамматическую форму с учетом коммуникативного намерения, уровня формальности ситуации общения, характера действия и модальности высказывания [13].

Грамматические навыки, равно как грамматический минимум, могут быть продуктивными и рецептивными. Продуктивные грамматические навыки позволяют безошибочно сформулировать высказывание в устной и письменной речи. Рецептивные грамматические навыки отвечают за распознавание грамматических явлений в устной и письменной речи.

Исходя из вышесказанного, в рамках данной статьи нами предлагается один из возможных алгоритмов работы обучения коммуникативной грамматике на основе грамматической темы «The Past Indefinite Tense (Past Simple)», где коммуникативной целью является умение изложения своих биографических данных, используя форму данного времени, а грамматическая цель – выработка навыков и применение соответствующей формы глаголов, т.е. прошедшей формы.

1-этап. Презентация нового грамматического материала осуществляется посредством чтения текста, после которого для контроля понимания содержания текста выполняют два вида упражнений:

I. Упражнение 1. (рецептивное)

Подчеркните некорректные предложения:

1. We asks each other a lot of questions about our life and studies.
2. We is at home yesterday.
3. There is many books on the shelf.
4. I are finish my report.
5. Justin study English a year ago.

II. Упражнение 2. (рецептивно/репродуктивное)

1. Прочитайте текст и обратите внимание на выделенные глаголы в Past Indefinite Tense

(Past Simple).

«Last summer Helen **visited** her grandparents. They **lived** in a small house near river. When Helen **was** young she lived with her grandparents. At the age of ten she **moved** to a big city with her parents. There she **started** a new school and **met** new friends. ...».

2. Заполните пропуски в следующих предложениях в Past Indefinite Tense. Используйте глаголы из текста.

1	visit
2	live
3	be
4	move
5	start
6	meet

1. Last summer Helen _____ her grandparents.
2. They _____ in a small house near river.
3. When Helen _____ young she lived with her grandparents.
4. At the age of ten she _____ to a big city with her parents.
5. There she _____ a new school and _____ new friends. ...

III. Упражнение 3. (репродуктивное)

Составьте список слов, соответствующих теме «Биография»:

Существительные	Глаголы	Другие слова, отражающие биографические данные
family	live	city
parents	move	Astana
brother	be	Kazakhstan

2-этап. После проработки текста и его лексического поля, также самостоятельного использования времени The Past Indefinite Tense, наглядно объясняется изменения глагола. Необходимо спросить у студентов что и как изменилось в форме глагола, затем можно попросить самостоятельно сформулировать правило.

Здесь студенты определяют смысловые детали, выявляют новые грамматические структуры.


Следует отметить, что это правило относится не ко всем глаголам. В этом можно убедиться, выписав из текста остальные формы прошедшего времени и определив их инфинитивные формы.

IV. Упражнение 4. (репродуктивное)

Заполните таблицу, выпишите глаголы и определите инфинитив:

Глаголы из текста (формы прошедшего времени)	Инфинитив
visited	
lived	
was	
moved	
started	
met	

На доске можно написать форму инфинитива и два примера с формами прошедшего времени.



Соответственно необходимо наглядно показать на примерах различие форм.

V. Упражнение 5. (репродуктивное)

Определите правильную структуру предложений:

1. moved/I/to a new/ last/house/week
2. year/last/I/a/with/school/good/finished/grades
3. played/the/a/music/club/I/piano/

После этих упражнений студенты могут самостоятельно сформулировать правило о простом прошедшем (неопределенном) времени (The Past Indefinite Tense), затем составить таблицу с формами и с примерами.

Infinitive	Past Indefinite (Past Simple)
I lived in a small town last year.	
live	lived

3-этап. На заключительном этапе формы работы могут носить лично ориентированный характер, т.е. написать краткий автобиографический текст. Выполнение данного задания будет продуктивным после составления списка опорных слов, включающего самостоятельные части речи: имя существительное, имя прилагательное, имя числительное и глагол. В списке опорных слов можно исключить прилагательные, числительные, т.е. можно варьировать.

Коммуникативно-ориентированные задания для отработки грамматических правил вызывают интерес студентов и привлекают к активному участию в их выполнении.

Использование коммуникативного метода в обучении английской грамматике, основывающегося на лично ориентированных методах преподавания, в сочетании с индуктивной методикой позволяет значительно повысить мотивацию студентов к изучению иностранного языка, стимулирует их аналитические способности, содействуя тем самым развитию профессионального мышления.

Литература

1. Проблема эффективности языковой подготовки инженера при переходе на двухуровневую систему образования / А. В. Баранова [и др.] // Филологические науки. Вопросы теории и практики. 2013. № 2 (20). С. 40–44.
2. Протасова, Н. В. Обучение английскому языку : особенности развития иноязычных способностей у обучаемых профильных классов средних общеобразовательных школ / Н. В. Протасова // Вестник КГУ им. Н. А. Некрасова. – 2015. – № 2. – С. 157-159. – ISSN 1998-0817.
3. Кузнецова, Е. П. Роль грамматических навыков в системе формирования иноязычной коммуникативной компетенции / Е. П. Кузнецова, С. А. Девятова // Современная филология : материалы V Международной научной конференции. – 2017. – С. 53-55. – ISBN 978-5-9905791-6-3.
4. Леонтьева, Т.П. Методика преподавания иностранного языка : учеб. пособие / М54 Т. П. Леонтьева [и др.]; под общ.ред. Т. П. Леонтьевой. – Минск : Вышэйшая школа, 2015. – 239 с. :ил. – ISBN 978-985-06-2659-2
5. Шатилов, С.Ф. Методика обучения немецкому языку в средней школе: Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. № 2103 «Иностр.яз» – 2-е изд., дораб. – М.: Просвещение, 1986. – 223 с.

МИНЕРАЛДЫҚ ҚОСЫЛЫСТАР ЖӘНЕ ӨНІМДЕРІ ЖАЙЫНДА ХИМИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ

ЖАҢБЫРБАЙ Мөлдір Қуанышқызы

Қазіргі заман гуманитарлық – техникалық колледжі

Тараз, Қазақстан

muteuli@bk.ru

Аннотация

Бұл мақалада Жамбыл облысы аймағындағы зауыттардан шыққан қалдықтарға сипаттама және минералдарға байланысты есептеулер берілген. Студенттерге ғылыми-танымдық көзқарасын қалыптастыру үшін бағытталған.

Түйінді сөздер: минералдар; руда; кен-химиялық қосылыстар; шикізат; катализатор; радиациялық сәуле.

«Жер байлығы - еліміздің игілігі үшін» деген сөз жолдары еліміздің гүлденіп, көркеюі үшін табиғаттағы ресурстарды тиімді пайдаланудың қажеттілігін көрсетеді. Жамбыл облысы республикамыздағы шикізат көзіне бай облыстың бірі. Облыс аймағында кеңестік кезеңде маңызы жоғары өндірістер қатарынан орын алған жаңа Жамбыл фосфор зауыты орналасқандығы белгілі. Өндірістің жұмыс істеп тұрған кезеңдерінде зауыттан таудай болып үйілген қалдықтар шығарылды. Бұл қалдықтарды әр түрлі мақсаттарда пайдалануға ұсыныстар, жобалар жасалып жатты. Бірақ, өңделген кен-химиялық қосылыстар екендігін ескеретін болсақ, ол қалдықтарды кәсіпкерлер ұсынып отырған құрылыс материалдары үшін емес, қайта өңдеуге қажетті шикізат көзі ретінде қарастырған жөн сияқты. Сонымен қатар, зауыт қалдықтарын химиялық тұрғыдан жете зерттеген жағдайда ғана, оларды құрылыс материалдарын дайындауға пайдалану керек; себебі, пештен шыққан руда қалдықтарында ауыр металдардың оксидтері болуы және радиациялық сәуле шығаратын қосымша заттар болуы ықтимал.

Қазақстанның химиялық кәсіпорындарында қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерін төмендету мақсатында бірқатар табиғатты қорғау шаралары жасалған. Атап айтқанда, Тараз қаласындағы «Қазфосфат» ЖШС филиалы Жаңа Жамбыл фосфор зауытында электрлік термикалық пештердегі фосфорлық қалдықты залалсыздандыру жүйесі енгізілуде, бұл-конусты пештерден өндірістік қалдықтардың шығуын болдырмайды. «Ақтөбе хром қосылыстары зауыты» АҚ (Ақтөбе қ.) натрий монохроматының өндірісінде монохромат қалдығы қайта қолданылады. Бұл технология пайда болуы монохроматты қалдықтың 76% дейін өндіріске қайтаруға мүмкіндік береді. [2]

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардағы қалдықтарды өндіріске қайта тарту - олардың қатты қалдықтарының кәсіпорнының аумағында жиналуын азайтып, сұйық қалдықтарының - су ресурстарын ластауларын, газ тектес қалдықтардың әуе бассейнін ластауын болдырмауға көмектеседі. Дегенмен, осы уақытқа дейін үйінді болып жатқан зауыт қалдығын пайдалы іске жарату қажет екендігі байқалып отыр.

Жергілікті минералдық қосылыстар және оларды өңдеу кезінде шығарылған қалдық құрамында болатын химиялық заттар жайында ғылыми жобалық зерттеу жұмыстарын орындату және есептер шығарту мектеп оқушыларының танымдық қабілетін арттыра түседі және болашақта олардың кәсіп таңдауына да өз әсерін тигізетіні анық. Сондықтан да жоғарыда келтірілгендер студенттерге ғылыми - жобалық зерттеу жұмыстарын орындауына қажетті мәлімет ретінде қажет болуы мүмкін.

Төменде минералдық қосылыстар және оларды өңдеу кезінде түзілген химиялық заттар жайында Польшада өткен химиялық олимпиада есептері келтірілген:

1-есеп. Табиғатта кездесетін минералдардың құрамы бойынша есептеу жүргізіп, анықтамалықты пайдаланып атауларын келтіріңдер: [1]

А) сульфидті мыс 79,5 % Cu және 20,5 % S;

Б) сульфидті темір 60,5 % Fe және 39,5 % S;

В) алюминий натрий фториді 32,9 % Na, 12,9 % Al және 54,2 % F;

Г) калий алюмосиликаты 14,5 % K, 9,7 % Al, 30,5 % Si және 45,8 % оттегі.

Шешуі: минералдардың молекулалық формуласын нақты анықтау үшін теория бойынша оның молекуласындағы элементтер атомдарының ең кіші қатынасын табу керек. Ол үшін

элементтердің пайыздық мөлшерін x және y әріптерімен белгілейміз: $x = 79,5\%$ (Cu); $y = 20,5\%$ (S); осы элементтердің моль сандарын табу үшін, олардың әрқайсысының массаларын (пайыздық мөлшерін) олардың атомдық молярлық массаларына бөлеміз:

$$x : y = \frac{79,5}{64 \text{ г/моль}} : \frac{20,5}{32}, \text{ сонда } x : y = 1,2 : 0,6; \text{ бүтін сандарға келтіреміз:}$$

$x:y=2:1$; демек, минералдың молекулалық формуласы: Cu_2S ; анықтамалықтан мыстың минералдық қосылыстарын қарап, осы формулаға сәйкес атауын табуға болады. Белгісіз мыс минералы-халькозин.

Осындай ретпен есептің шартында берілген минералдардың да молекулалық формуласын анықтап, минералдардың атауларын келтіруге болады:

б) FeS – пиротин немесе триолит,

в) Na_3AlF_6 - криолит,

г) $\text{K}_2\text{Al}_2\text{Si}_6\text{O}_{16}$ - ортоклаз (соңғы жағдайда қарапайым формуласы: KAlSi_3O_8).

2-есеп. Құрамында 98 % хлорлы натрий бар 500 кг тасты тұзды суда ерітіп, алынған ерітіндіні электролиздеген. Бөлініп шыққан хлорды электролиз кезінде түзілген сутекпен реакцияға түсіргенде хлорлы сутек алынған және одан 38 %-тік тұз қышқылы дайындалған. [2] Электролиз өнімдерінің шығымы 90 %, ал хлорлы сутек шығымы (суда еріткендегі шығымымен қоса есептегенде) 85 % екендігін ескере отырып:


А) электродтарда жүретін реакция теңдеулерін, сонымен бірге электролиз кезінде хлорлы натрий ерітіндісінен қорғасынды әдіспен алынған амальгаманың бұзылу реакция теңдеулерін жазу керек;

Б) алынған 50 % натрий сілтісінің мөлшерін (кг) анықтау керек;


В) алынған тұз қышқылының мөлшерін (кг) табу керек.

Шешуі:

Натрий хлориді ерітіндісін сынапты әдіспен электролиздеу натрий амальгамасының (сынаптағы натрийдің ерітіндісінің) түзілуімен және хлордың бөлінуімен жүреді:



Алынған натрий амальгамасын сумен ыдыратады:



500 кг 98%-ды тас тұзында болатын NaCl -нің массасы: $500 \cdot 0,098 = 490$ кг

58,4 кг NaCl -дан 40 кг NaOH ,

490 кг NaCl -дан – x кг NaOH алынады.

$x = 335,6$ кг NaOH .


Егер сілтінің шығуы 90%-ды құраса, онда ерітіндінің 50% концентрациясында $302:0,5 = 604$ кг ерітінді болатын, сонда $335,6 \cdot 0,9 = 302$ кг NaOH алынады.

58,4 кг NaCl -дан 35,5 кг Cl_2 ,

490 кг NaCl -дан – y кг Cl_2 алынады; сонда, $y = 297,8$ кг Cl_2 .

Өнім шығымы 90% болғанда, $297,8 \cdot 0,9 = 268$ кг Cl_2 алынады.

Эквивалентті мөлшерде бөлінген сутектен және хлордан хлорлы сутек түзіледі:



35,5 кг Cl_2 –дан 36,5 кг HCl ,

268 кг Cl_2 –дан – z кг HCl алынады.

$z = 275,5$ кг HCl .

Хлорлы сутектің мұндай көлемін суда еріткенде $275,5 : 0,38 = 725$ кг 38%-дық тұз қышқылын алуға болады, ал еріту кезіндегі шығындарды ескерумен қатар, хлорлы сутек шығымы 85% болғанда, $725 \cdot 0,85 = 616,25$ кг 38%-дық тұз қышқылын алуға болады.



3-есеп. Табиғи минерал пиролизиттегі MnO_2 мөлшерін анықтау үшін оның салмағы 0,1762 г үлгісін 25 см³ күкірт қышқылында (1:4) ерітіп және 50,00 см³ 0,107 н. қымыздық қышқылы ерітіндісімен өндеген; ерітіндіні титрлеуге 21,75 см³ 0,1105 н. калий перманганаты ерітіндісі жұмсалған (әлсіз-қызғылт түс пайда болғанша). [1]

а. Талдауды жүргізу барысының жүйелігін түсіндіре отырып, реакция теңдеулерін жазу керек;

б. Кендегі MnO_2 пайыздық мөлшерін (массасы бойынша) табу керек.

Шешуі:

Есептің шартына сәйкес реакция теңдеулерін мынадай болады:



Үлгі құрамында $(50 \times 0,1070 - 21,75 \times 0,1105) \times 10^{-3} = 2,947 \times 10^{-3}$ г-экв, немесе $0,5 \times 2,947 \times 10^{-3} \times 86,93 = 0,1281$ г, MnO_2 , яғни $(0,1281 : 0,1762) \times 100 = 72,7\%$ MnO_2 (масса бойынша).

Қорытындылай келе, мұндай есептерді үнемі жүйелі түрде шығаруды дағдыға айналдырған жөн. Минералдық қосылыстар жайлы есептер шығару нәтижесінде оқушылар еліміздегі минералдар түрлерін, олардан алынатын өнімдерді түсініп, ғылыми-логикалық және танымдық қабілеттері арта түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Акимова Т.А., Хаскин В.В. «Экология», 2002. 566 с.
2. Ақбердина Э.С., Ишкенов Э.Р., Наурызбаев М.Қ. «Минералды шикізатты химиялық анализдеу». Алматы, «Қазақ университеті», 2006. Б.-5-12.
3. Наурызбаев М.Қ., Филиппова Л.М., Минажева Г.С. Аналитикалық химияның метрологиялық аспектілері мен стандарттау мәселелері. Алматы, 2004ж., 170 б.

ОҢТҮСТІК ӨНІРДІҢ ИСЛАМҒА ДЕЙІНГІ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ Үрзия

«Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы
Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы, Қазақстан
uzzia@mail.ru

Аңдатпа

Дін – руханияттың өзекті саласы. Дін тарихын білу арқылы белгілі бір аймақты мекендеген халықтардың өмірін, тұрмысын, мәдени болмысын терең тани аламыз. Кез келген ұлттық мәдениеттің рухани бастауларын, қоғам өмірі мен рухани болмысы жайында ғылыми зерттеулер жүргізген ғалымдар алғашқы діни жүйелер жайында түрлі тұжырымдар айтқан. Мәдени тұтастықтағы діни жүйелерді терең зерттеп, зерделеудің маңызы ерекше. Мақалада Оңтүстік өңірдің исламға дейінгі наным-сенімдері туралы айтылады.

Тірек сөздер: Дін, наным-сенім, ислам, Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Отырар.

Аннотация

Религия – это настоящая отрасль духовности. Зная историю религии, мы можем глубоко понять жизнь, образ жизни и культурную самобытность народов, проживавших в определенном регионе. Ученые, проводившие научные исследования духовных истоков любой национальной культуры, общественной жизни и духовной природы, сделали разные выводы о первых религиозных системах. Особое значение имеют глубокие исследования и изучение религиозных систем в культурной целостности. В статье говорится о доисламских верованиях Южного региона.

Ключевые слова: Религия, вера, ислам, Южный Казахстан, Жетысу, Отырар.

Abstract

Religion is an actual branch of spirituality. By knowing the history of religion, we can deeply understand the life, lifestyle, and cultural identity of the peoples who lived in a certain region. Scientists who have conducted scientific research on the spiritual origins of any national culture, social life and spiritual nature have made different conclusions about the first religious systems. Deep research and study of religious systems in cultural integrity is of particular importance. The article talks about the pre-Islamic beliefs of the Southern region.

Key words: Religion, belief, Islam, South Kazakhstan, Zhetysu, Otyrar.

Әрбір халықтың діні, наным-сенімдері мен дүниетанымы оның тарихына, рухани-мәдени, саяси өміріне үлкен әсер ететін фактор екендігін ерте заманнан осы уақытқа дейінгі деректерден білеміз.

Қазақстан халқының діни көзқарастары ежелден алуан түрлілігімен және синкретизмімен ерекшеленді. Ежелгі нанымдар мен ғұрыптар күрделі діни-мифологиялық

жүйелермен үйлескен [Күзембайұлы А., Әбіл Е.; 1998,96].

Қазақ халқының сонау түркілік заманнан бері халық болып қалыптасуына дейінгі кезендердегі қазақ даласындағы әртүрлі діндер мен сенімдері және олардың әрқайсысының қазіргі исламдық дәстүрдің қалыптасуына өзіндік орны болғаны анық. Сондай-ақ осынау кезендердің өзіндік тарихы мен сол замандағы халықтардың өмір сүру салты, өнері, мәдениеті, ұстанған дін үлгісі болғаны табиғи заңдылық, тарихи құбылыс [Е.Қасабекова, Ғ.Табашев, Н.Тутинова. Қазақ даласындағы исламға дейінгі діни наным-сенімдер. Хабаршы. Дінтану сериясы. №4 (28) 2021].

Кең байтақ Қазақстанның ұлы даласында ерте заманнан бастап көптеген діндер таралды. Осы кездегі археологиялық, этнографиялық ғылымдардың зерттеулерінде Көк тәңірі, Жер-Су, Ұмай, Шаманизм, Митрайзм, Буддизм, Манихейшілік, Христиандық (несториандық) және Зороастризм діндер тараған.

Жібек жолы арқылы III ғ. Иранда қалыптасқан манихейлік діні таралды. Ол дін зороастризм дінінің және христиан дінінің жиынтығынан тұрды. Ол дінді жақтаушылар Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның тұрақты халық арасынан болды. Қазақстандағы манихейлік орталығы Тараз қаласы болды. Манихейлік догмаларға сәйкес ет жеуге тыйым салынды, өсімдік тағамдары тағамның негізі болуы керек. Жалпы, манихейлік зороастризм мен христиандықтың синтезін білдірді. Христиан дінінен ол мессианизм идеясын, ал зороастризмнен жақсылық пен жамандықпен, жарық пен қараңғылықпен күресу идеясын алды.

Манихейлік Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде, ең алдымен отырықшы халықтың ортасында өз жақтастарын ұстанды. Турфан оазисінде табылған манихейлік "екі негіздің қасиетті кітабы" атты ежелгі евгур қолжазбасында бұл кітаптың "Аргу-Талас Алтын АРГУ Талас-Улуше, Талас-Улуше" қаласында "он жебе елінде (сенімді) ояту үшін" жазылғандығы айтылған. Манихей монастырлары басқа Жетісу қалаларында, соның ішінде Баласағұн, Чигильбалықта болғаны белгілі. Манихейлік жәдігерлерге Тараз қазба жұмыстары кезінде табылған манихейлік астральды Құдайдың символы болып табылатын ай бейнеленген әйел бейнесі бар қола медальон жатады.

VI ғ. бастап буддизм түркілерге маңызды ықпал ете бастады. Бұл дін Қазақстанның оңтүстігінде және Жетісуда кең тараған. Будда ескерткіштері Ұлы Жібек жолының бойындағы бірқатар қалалардан, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда археологтар буддизм дінінің кейіпкерлері мен оқиғалары бейнеленген храмдар, монастырлар, сондай-ақ мүсіндер тапты. Ұқсас ескерткіштер Шымкентке жақын жерде Талас өзенінің бойында, сонымен қатар Жамбыл облысында – Тектұрмас пен Баласағұнда да табылған болатын. Атақты ортағасырлық шахар Исфиджаб (Сайрам) қаласының үйінділеріне жақын жерде жерасты будда монастыры табылған [«Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 4 том].

Буддизммен қатар Жібек жолы арқылы христианның несториандық бағыты тарайды. VII ғасырда несториандық бағыттағы христиан діні Қазақстан жерлеріне ене бастады. VII-VIII ғғ. несториандық ағым Оңтүстік Қазақстан қалалары мен Жетісу қалаларында орын алды. Қазіргі Қазақстан мен Орта Азия аумағында археологтар ежелгі және ортағасырлық христиандықтың көптеген ескерткіштерін анықтады. Олардың ішінде ғибадатханалар мен монастырлардың қирандылары, фрескалық иконалар, матадағы белгішелер, керамикадағы Інжіл тақырыптары, ғибадат құралдары, денелік кресттер мен медальондар, христиан символикасы бар мемлекеттік монеталар бар [Орта Азиядағы Христиандық тарихы].

Несториандық Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында кеңінен таралды. Көптеген қалаларда Христиан шіркеулері болған. Патриарх Тимотенің (780-819) тұсында христиан дінін түріктердің патшасы, шамасы, қарлұқ джабгу қабылдады. IX ғасырдың басында арнайы қарлұқ митрополиті құрылды. Тараз мен Меркеде Христиан шіркеулері жұмыс істеді. Талғар қалашығын қазу кезінде "несториандық формадағы христиандықтың іздері" табылды. Жетісуда несториандық Култ заттарының басқа да олжалары бар. Костобе (ортағасырлық Джамукат қаласы) қорымдарының бірінде табылды. Жамбыл облысындағы Құлан қалашығын қазу кезінде тең бұрышты крест бейнеленген зат табылды. IX-X ғғ. ерекше қарлұқ митрополиясы құрылып, Тараз бен Меркеде христиан шіркеулері жұмыс істеді.

Қазақстан аумағындағы ең көне діндердің бірі зороастризм болды. Бұл дін Қазақстан қалаларына VI-VII ғасырларда соғдылар арқылы енді, оның элементтері Оңтүстік Қазақстанда бұдан бұрын сақ-массагет тайпалары кезінде-ақ қалыптаса бастаған болатын [Ұлы Жібек жолы

және ортағасырлық Қазақстан, К.Байпақов, А.Нұржанов].

Зороастризмнің кең таралуын археологтардың Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда от жағылған зороастриялық құрбандық үстелдерін-аташандарды, Тараздағы отқа табынушылар зираты және Қаратау жотасының жанындағы Баба Ата қалашығын қазу дәлелдейді.

Кейбір зерттеушілер зороастризмнің негізін қалаушының Отаны ретінде қазіргі Қазақстанның аумағын қарастырады. Сонымен, М. Бойс былай деп жазады: "Зороастр құрған гимндердің мазмұны мен тіліне сүйене отырып, қазір ол Еділдің шығысындағы Азия далаларында өмір сүргені анықталды".

Тараздағы зороастриялық Тектұрмас зиратының қазбаларынан табылған оссуарийлер киіз үй формасында жасалып, беттері көшпелі түнгі аппликацияларға еліктейтін геометриялық немесе өсімдік ою-өрнектерімен бай безендірілген.

Зороастризм ескерткіштері Орта Азияда, Сырдария қалаларында және Жетісуда байқалады. Олар Қостөбе қалашықтарының топографиясында және Қызыл өзен өңіріндегі өрт мұнараларымен байланыстыратын мұнара тәрізді құрылымдардың қалдықтары. Алайда, Орталық Азия мен Қазақстанда зороастризмнің канондық түрінен ерекшеленетін ерекше нұсқасы кең таралды. Ол жергілікті пұтқа табынушылықпен тығыз байланысты болды: от, ата – баба, жануарлар - қошқар, жылқы, түйе.

Бұл дінге қатысты олжалар оссуарийлердегі жерлеу орындарымен – сазды сүйек қораптарымен, хум жерлеу орындарымен, жердегі криптовалюталардағы мәйіттермен – наусалармен, сүйектер үйінділерімен ұсынылған. Зороастризммен байланысты көптеген культтер Қазақстан қалаларында және ислам пайда болғаннан кейін өмір сүруді жалғастырды.

Қазіргі заманның негізгі басымдығы ақпараттық жүйелердің еркін қолданысқа енуімен тығыз байланысты. ХХІ ғасырды ақпараттық жүйелерсіз елестету мүмкін емес. Сол себепті де жаһанданудың осы күнгі келбетін де ақпараттық технологияларсыз елестетуге болмайды. Әрине, жаһандану бүгін басталған үрдіс емес еді. Оның тамыры талай ғасырлардың қойнауына кетеді. Кейбір ғалымдар жаһандануды капитал ұғымымен байланыстырып, әлемдік аренаға сауда-экономикалық байланыстың қарқынды шығуымен түсіндіреді. Ол да бір шындық. Алайда жаңа дәуірдегі жаһанданудың түр-сипаты, келбеті өзгеше. Бұл ақпараттық қоғамның, технологияның жетістігімен тікелей байланысты. Басқаша айтқанда, ақпараттық технология жаһанданудың жаны, қозғаушы күшіне айналды. Ақпараттық технологияларды инфрақұрылым ретінде пайдаланып отырған жаһандану ешбір шектеуге бағынбайтын деңгейге жетті. Бұл орайда түрлі мазмұндағы идеялар мен құндылықтардың таласы ашық жүріп жатқанын айта кету керек. «Әлемдік стандарт» статусына ие болған мәдени интервенция географиялық тұрғыдан оқшаулауға көнбейтінін көріп отырмыз. Қоғамдық ғылымдар жүйесінде әлеуметтік, саяси мазмұндағы ұғымдар мен бағыттар қалыптасып, айналымға дендеп енді. Космополиттік, пацифистік мазмұндағы халықаралық статусты иеленген көптеген ұйымдар пайда болды. Бұл өз кезегінде белгілі бір субмәдениетті қалыптастырып, маргиналдық топтардың көбеюіне ықпал етіп отыр. Ал бүгінгі жаһандану дәуірінде субмәдени орталардың пайда болуы айқын көрінуде. Оның басты нысаны еліктеу. Ұлттық, отбасылық құндылықтар екінші орынға ығыстырылуының нәтижесі. Тіл мен мәдениетке артта қалушылық деп қарайтын жастардың сол субмәдени орталарға еніп, маргиналдана бастауы да ықпал етіп отыр. Бұл - тілдің, дәстүр мен мәдениет сабақтастығының бұзылуы. Тіл – ұлттың тағдыры. Өйткені тілде мәдениет және ұлттық рух сақталады. Мәдениетті рухани әрі материалдық деп бөлсек, осы рухани мәдениеттің жаршысы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құралы – тіл. Олай болса тілде халықтың өмір тарихы, жан-дүниесі жатқанын ескеру қажет. Ата-баба дәстүрі мен мәдениетін, руханиятын, тарихын, тұлғалары мен ұлылары тудырған шығармаларын өзге тілде түсінемін деу үлкен қателік. Мәселен, Абай, Шәкәрім сынды ұлт ғұламалардың шығармаларымен өзге тілдер арқылы танысу олардың жан дүниесі туралы толық мағлұмат бермейді. Басқаша айтқанда ата-бабамен сұхбатқа түсу мүмкін емес. Оларды түсіну үшін қазақ тілін білу аса маңызды. Себебі олар өзге тілде сөйлеген жоқ, өзге тілде шығармаларын жазған жоқ. Айталық, Шәкәрімнің «Ең керекті үш сұрақпен жан құлағын қой бұрап» деген өлең жолын орыс тіліне аударып көрсек, түсініксіз сөйлем шығары айқын. Ол жердегі «жан құлағы» деген қазақы ұғымға ғана тән екенін жоққа шығаруға болмас. Дәстүр – мәдениеттің сұрыпталып, ғасырдан-ғасырға жетіп келе жатқан ұлттың өмір сүруінің салты. Дәстүрде ұлт өмірінің өзіне ғана тән табиғаты жатыр. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген сөзді қазақ халқы атам заманда айтып қойған. Яғни, дәстүрдің тозығын қабылдамау деген ұғым біздің ұлттың тілінде тұр. Тарихи жады – тарихты ұлттың өткен өмірі ғана деп қабылдауға болмайды. Ол ұлттың болашағы. Себебі өткенсіз келешек жоқ. Олай болса тарихты еске алу, оны оқып үйрену арқылы біз ұлтты танимыз. Оның өмір жолын танимыз. Тарихи жадысы жоқ елдің тілі де мәдениеті де жоқ. Осы үш фактрды бірінен-бірі ажыратып қарауға болмас. Тілде – мәдениет, тарихи құндылықтар сайрап көрініп тұрады. Ал мәдениет пен тарихтің күдіретін айқындаса керек. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, оны заманға сай етіп көрсету көп ізденісті талап етеді. Дәстүрді көненің қалдығы деп қабылдау адасушылық екенін дәлелдеу керек. Мәселе сонда. Қалай дәлелдейміз? Цфрлық әлемде ұлттық мәдениет пен өнерді көпшіліктің сұранысына қалай өткіземіз? Ұлттық өнердің бәсекеге қабілеттігін арттыру - заман талабы. Заманның сұранысын сезу, соған сай ізденіске түсу, еңбектену бәскені арттырады. Шығармашылық ізденістің плагиатқа ұласуы өнерді дағдарысқа түсіруде. Қайталау үшін де оған өзіндік сипат, әр беру маңызды. Дегенмен, жаңа жолмен жүру үшін ол жолды өзің салу керек екенін ұмытпаған абзал. Қазіргі Қазақстандағы айтылып жүрген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын да терең түсінуіміз керек. Түбегейлі жаңғыруға түсу үшін ең әуелі сананы өзгерту керек. Ол еңбек, ізденіс, білім мен ғылым, өнер мен дәстүр жаңғыруына ықпал етері

сөзсіз. Ізденіс бар жерде еңбек бар. Еңбек бар жерде қашанда нәтиже бар. Жаһандандудың ықпалында кету оңай, ал оның мүмкіндіктерін оң пайдалану күрделі іс.

Мәдениет пен өнердегі жаңаруды еңбектен, шығармашылық ізденістен көреміз. Ал құлдырауды көзсіз еліктеу мен көшіріп қайталаудан көреміз. Бұл тұста еліктеу мен үйренуді шатастырмау қажет. Біз үшін әлемнің технологиясы мен жетістігі, білімі мен ғылымы, адами құндылықтары бағдар болса, негізіміз тіл мен ұлт дәстүрінде, мәдениетте.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Джозеф Юджин Стиглиц. Глобализация: тревожные тенденции.
2. Флорида Ричард. Креативный класс: люди, которые меняют будущее.
3. Т.К.Бурбаев. Жаһандану және қазақ менталитеті.

ДИФФЕРЕНЦИРОВАННЫЙ ПОДХОД ПРИ ПОСТАНОВКЕ ЭКСПЕРИМЕНТОВ НА УРОКАХ ФИЗИКИ

ШИДАЛИНА Сара Кунакбаевна

Назарбаев Интеллектуальная Школа Химики биологического направления
Атырау, Казахстан
shidalina@mail.ru

Андатпа

Бұл зерттеу тақырыбы өте өзекті, ол экспериментті орындау дағдыларын дамытады, оқушылар өз бетінше алға қоюға, мәселелерді талқылауға, стандартты емес есептерді шешуге үйренеді, бұл әр адамның интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Экспериментті орындау кезінде сараланған тәсілді қолдана отырып, бұл зерттеуді жүргізу құбылыстар мен процестер туралы білімдерін қалыптастыруға, стандартты емес есептердің шешімін табуға, физикалық ойлауды дамытуға, танымдық деңгейін арттыруға ықпал етеді және мұғалімнің білімін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Аннотация

Данная тема исследования является очень актуальной, которая развивает навыки выполнения эксперимента, учащиеся учатся самостоятельно выдвигать, обсуждать проблемы, решать нестандартные задачи, что позволит развить интеллектуальные и творческие способности каждого. Проведение данного исследования с использованием дифференцированного подхода при выполнении эксперимента, способствует формированию знаний явлений и процессов, нахождению решений нестандартных задач, развитию физического мышления, повышению познавательного уровня и дает возможность учителю углубить знания учащихся.

Изучение физики в школе имеет важное значение в подготовке учащихся к жизни в современном технологичном мире. В процессе обучения учащиеся должны научиться вести наблюдения, классифицировать, связывать между собой явления и давать им объяснения. Особый акцент должен быть сделан не только на приобретении учащимися предметных знаний и навыков, но и на воспитании информированного и критически мыслящего гражданина, способного осмыслить научные вопросы в контексте социально и лично значимых задач. [1]

Умение решать проблемы, возникающие в процессе изучения физики, вооружит учащихся системой знаний и навыков, а также способствует развитию навыков мышления. В результате усвоения физических знаний закладываются основы научного мировоззрения, которое предполагает глубокое понимание явлений природы, формируется умение самостоятельно объяснять и описывать явления и процессы через физический эксперимент (демонстрационный, лабораторный, фронтальный). Работая над раскрытием способностей учащихся, через различные виды деятельности на уроке необходимо обратить внимание на то, что не всегда учащиеся могут применить полученные знания на практике, не могут связать изученный материал с повседневной жизнью, связать новую информацию с реальной жизнью. Данную тему считаем очень актуальной, ведь изучение физики на 20% состоит из теории, а остальное составляют демонстрации, эксперименты, практические и лабораторные работы, и

решение задач. Без практики невозможно понять теорию, можно учащемуся 100 раз рассказать об электрической цепи, но он лучше поймет ее, если сможет сам подобрать приборы, составить цепь и провести необходимые измерения и вычисления.

Выбрав данную тему исследования, я изучила литературу, научные статьи, и прошла курсы «Дифференциация», которые проводятся в нашей школе. Данные занятия позволили мне более подробно ознакомиться со способами организации, видами дифференциации, и использованием их при планировании урока с учетом индивидуальных особенностей учащихся.

Решив поделиться изученным, я запланировала и провела коучинг среди учителей методического объединения и со студентами педагогического университета, пришедшими в наши школы на практику.

Таблица 1

План проведения коучинга по данному вопросу

<i>Цель</i>	1. оказать содействие участникам в применении дифференцированного подхода при проведении эксперимента; 2. овладеть приемами и методами обучения для развития исследовательских навыков учащихся при выполнении практических работ и проведении эксперимента.
<i>Задачи</i>	1. выстроить видение применения дифференцированного подхода; 2. показать на практике проведение эксперимента с учетом дифференцированного подхода
<i>Ожидаемые результаты:</i>	1. учителя целенаправленно будут применять дифференцированный подход в процессе развития навыков проведения эксперимента; 2. учителя смогут подбирать необходимые техники для развития навыков выполнения эксперимента.
<i>Ключевые идеи:</i>	1. Использование методов дифференцированного подхода при проведении практических работ; 2. «Дифференцированный подход» проявляется, когда происходит процесс рассуждения, формулировки выводов или решения проблем. Выполнение практических работ; 3. «Дифференцированный подход» способствует развитию творческого потенциала учащихся. Познавательная деятельность, креативность, развитие личности.

По данному вопросу проведена консультация с учителями, работающими в творческой группе и в параллели 8 классов, составлен план по реализации данной темы исследования.

Организацию учебного процесса с учетом индивидуальных особенностей личности, позволяющую обеспечить усвоение всеми учениками содержания образования, которое может быть различным для разных учащихся, но с обязательным для всех выделением инвариантной части, предусматривает дифференциация. В основе дифференцированного обучения лежит учет индивидуальных особенностей учащихся, прежде всего таких, которые влияют на их учебную деятельность и от которых зависят результаты обучения и именно дифференциация позволяет в полной мере перейти к учету индивидуальных особенностей. Для исследования я выбрала 8 класс, в котором 10 учащихся. Все учащиеся успевают на «хорошо» и «отлично». Учащиеся в выбранном мною классе на уроках физики проявляют повышенную мотивацию и интерес к выполнению текстовых и тестовых задач, лабораторных работ, но при этом затрудняются выполнять экспериментальные задания.

Карта индивидуальных особенностей класса позволила нам скорректировать деятельность учащихся на уроке, использовать различные техники при планировании урока и проведении экспериментов.

Первоначально с помощью анкетирования пыталась выяснить с учащимися, что они знают об эксперименте, какие виды его можно использовать на уроке, что им легко, а что бывает сложным при проведении эксперимента использование анкеты. Результаты анкетирования:

- не всегда понятно условие проводимого эксперимента – 5 учащихся 60%;
- не могут назвать процессы и явления, в данном эксперименте – 5 учащихся (50%);
- не могут сформулировать цель – 5 учащихся (50%);
- не всегда анализируют полученный результат, для формулировки вывода – 6 учащихся (60%).

Данные показатели свидетельствовали о том, что проблема есть, и учащиеся не имеют

правильных навыков выполнения эксперимента. Исследование данной проблемы я начала с применения различных видов эксперимента, которые использовала на любом этапе урока (а не на закреплении как это бывает обычно). Вместе с учащимися изучали, исследовали, анализировали планируемые различного вида эксперименты. Таким образом, изучив методику проведения эксперимента (демонстрация, логические схемы, виртуальные и др.) и его применения на уроках физики, пришла к выводу, что эксперимент является самой важной частью любого урока. Применение эксперимента является одним из средств дифференцированного обучения учащихся физике. Это работа с учениками различной степени успеваемости в малых группах на уроках физики; дифференцированная форма контроля знаний; использование при обучении учащихся экспериментов различного содержания: с элементами экономики, о живой природе, с учетом местных особенностей; обучение в условиях уровневой дифференциации.

По существу, на занятиях по физике каждый вопрос, возникший в связи с изучением учебного материала, является для учащихся задачей, которую можно решить с помощью эксперимента. Активное целенаправленное мышление всегда есть решение задач в широком понимании этого слова. С целью обеспечения познавательного интереса, учащихся эксперимент должен иметь новизну (ситуативную и содержательную), связь с практикой (в частности, с жизненным кругозором учащихся), практическую ценность, исследовательский элемент, информативную насыщенность. В работе над выполнением и проведением эксперимента должны использоваться методологически корректные постановка и решение, анализ полученного результата должен быть функциональным, физическим, образным. Для развития исследовательских навыков, учащихся мы используем основные этапы, которые я соблюдаю при выполнении учащимися эксперимента:

- а) выделение внутреннего учебного материала (проблемная ситуация);
- б) организация целесообразной деятельности (поиск способов, методов решения, исследовательская, поисковая практика, оформление результатов);
- в) обучение как непрерывная перестройка жизни и поднятие ее на высшие ступени (защита результатов эксперимента).

Деятельность учащихся и обучение, строим с учетом их интересов, потребностей, основываясь на опыте каждого учащегося. Самой распространенной формой внутри является выполнение учениками заданий различного уровня сложности. При этом усложнение может происходить за счет привлечения пройденного материала, когда ученикам необходимо установить близкие или дальние связи между различными фрагментами содержания. Усложнение заданий может происходить и за счет усложнения видов работы, усиления уровня творческой деятельности, необходимой при выполнении задания. Например, проводя эксперимент в виде лабораторной работы, ориентированных на закрепление изучаемого материала, формирование необходимых умений и навыков по сборке экспериментальных установок по описанию, рисунку или схемы, учащиеся выполняют пошаговую инструкцию, и получают результат, оформленный в виде вывода, числового значения. Однако при проведении внешнего оценивания учащихся по физике за курс основной школы формулировка экспериментальных заданий существенно отличается от привычных для школы инструкций по проведению лабораторных работ. Поэтому проблемный характер постановки заданий для фронтального лабораторного эксперимента, включение лабораторного опыта не при закреплении, а при изучении нового материала, существенно изменяет качество подготовки учащихся по физике. Идея дифференцированного подхода при изучении физики в основной школе должна воплощаться в жизнь не в увеличении количества заданий, а в изменении структуры и содержания инструкций для выполнения лабораторных экспериментов. Именно характер формулировок заданий в инструкции позволяет учителю организовать проведение лабораторных работ на базовом или повышенном уровне. Поэтому с первых лабораторных работ письменные инструкции должны стать неотъемлемой частью самостоятельного выполнения заданий учащимися. При систематическом выполнении заданий в классе учащиеся, получив навыки самостоятельного экспериментирования, могут более активно участвовать в планировании опыта. На данном этапе работы целесообразно вместо подробной пошаговой письменной инструкции к заданию ставить перед учащимися только учебную задачу и направлять их на путь самостоятельного поиска её решения. Учащиеся, ориентируясь на имеющееся оборудование, предлагают план проведения опыта. Данная методика проведения фронтальных

лабораторных экспериментов резко меняет стиль работы, темп становится плотным, учащиеся меньше отвлекаются, высвобождается время на предварительное обсуждение эксперимента (например, лабораторная работа «Исследование закономерностей последовательного и параллельного соединения проводников»). Уровень сложности выполнения работ определяется характером описания, которое выдается учащимся и формой учебной деятельности учащихся: индивидуально, в паре, группе. Данная форма организации предполагает дробление лабораторной работы на отдельные элементы, когда каждая группа выполняет свою часть общего задания. При таком методическом приеме необходимым условием является обсуждение и анализ результатов экспериментов отдельных групп с последующей формулировкой общего вывода. Выполняя лабораторный практикум в конце учебной четверти, примерно 15% учеников повышают свои оценки. Практикум позволяет ещё раз повторить изученный материал, обратить внимание на вопросы вызывающие затруднения и разобраться в них. Это даёт свободу творчества обучающемуся, учитель же, в свою очередь, получает возможность реализовать любые методы и приёмы, любой уровень дифференцированного подхода к учащимся. В результате всего этого материал усваивается лучше, повышается успеваемость, растёт качество. Также можно использовать разноуровневые задания при выполнении эксперимента, направленные на формирование и развитие умений выполнять логические операции анализа, синтеза, сравнения, классификации. Для этого используются следующие типы заданий, разработанных от простого к сложному: установить соответствия между физической величиной и прибором, используемым в эксперименте (понимание), полученным результатом и записью его с учетом погрешности измеряемых приборов (применение), сравнить принцип работы измеряемых приборов (амперметр, вольтметр) (синтез), проверить полученный результат в задаче или предположение о зависимости (независимости) (мощности тока от силы тока) с помощью экспериментальной установки (анализ), установить лишнее – в зависимости от приборов и величин. Такие задания можно использовать на любом этапе урока.

Такая планомерная работа из урока в урок дает результаты: повышается качество успеваемости и мотивация к обучению у учащихся, любая деятельность на уроке представляется учащимися в виде правильно поставленного исследования для проведения эксперимента. Теперь учащиеся знают, что эксперимент даёт возможность опытно обосновывать введение многих физических понятий, и использование конкретных экспериментальных методов, применяемых при изучении физических явлений. У учащихся формируются некоторые экспериментальные умения: наблюдать явления, выдвигать гипотезы, планировать эксперимент, анализировать результаты, устанавливать зависимости между величинами, делать выводы. Эксперимент способствует организации восприятия учащимися учебного материала, его пониманию и запоминанию; позволяет осуществить политехническое обучение учащихся; способствует повышению интереса к изучению физике и созданию мотивации учения. Об умении учащимися применять основные этапы при проведении эксперимента, последующее планирование эксперимента с электрическим оборудованием было уже более грамотно составлено, и имело ярко выраженные структуры с использованием концепта физических величин. Учащиеся запланировали мини – эксперимент с выделением первоначальных фактов, изучением теоретической модели, постановкой проблемы и последующим ее решением.

Они составили и предоставили следующий план эксперимента «Изучение последовательного соединения проводников»

1. Факты - рассматривается участок цепи, включающий последовательное соединение нескольких ламп (проводников). Средства измерения: амперметр, вольтметр. Наблюдаемое явление: закономерности определения тока и напряжения при данном соединении.

2. Модель – электрическая цепь. Условия моделирования:

1) лампы соединены последовательно;

2) амперметр соединен последовательно к источнику

3) вольтметр – параллельно к одной из ламп, двум лампам.

Модель явления: распределение тока и напряжения на каждой лампе.

Гипотеза: если создать условия близкие к идеальным то, напряжение определяется суммой напряжений, а сила тока остается постоянной на каждой лампе независимо от сопротивления.

3. Задача. Используя формулу закона Ома, определить ток и напряжение на каждой лампе

и сравнить полученное значение с расчетным.

4. Следствия (проведение эксперимента – предложили подробный план с формулами для расчета силы тока и напряжения).

5. Оценка результатов работы. Сравнили экспериментальное значение со значением, полученным при решении задачи.

6. Вывод о соответствии экспериментальных и расчетных данных. [4]

Работа по данной схеме «факты – модель – следствия – эксперимент» позволила учащимся достичь некоторых результатов. Они могут предоставить:

1) ответы на вопросы по каждой теме с целью обобщения и повторения материала, пройденного на занятии;

2) выполнение заданий для самостоятельной работы с целью применения знаний в нестандартной ситуации;

3) решение качественных, творческих, нестандартных, расчетных и экспериментальных задач.

4) использование дифференцированного подхода к решению данной задачи (учащиеся могли использовать более 2 ламп, с одинаковыми и различными значениями сопротивлений, исследовать смешанное соединение ламп. [3])

Использование экспериментальных заданий на уроках физики дало свои положительные результаты. Ребята стали более активны на уроках, их ответы стали осознанными и более точными. При планировании урока выявлена вариативность структурного построения уроков, а также особенности систематизации знаний на уроках различных видов. Данная группа по результатам четверти не имеет удовлетворительных оценок.

Обучение физике с использованием экспериментов часто проводится с целью углубления, расширения и обобщения полученных знаний, путем использования различного оборудования, на этапе закрепления. Преимущества этого метода в том, что ученики могут увидеть удивительное, необычное, в окружающем мире. Увидеть, потрогать руками, изменить параметры и условия эксперимента. Использовать активный способ изучения физики. Здесь же широкие возможности связать с физическими законами поэзию, живопись, музыку, другие науки, здесь же большие эстетические и нравственные возможности. Демонстрационный эксперимент предполагает эксперимент проводимый учителем, в то время как остальные учащиеся наблюдают за ним. Развитие исследовательских навыков, учащихся происходит только в одном направлении, сложно учитывать индивидуальные особенности, поэтому пока учащиеся работают в одном направлении, используя приведенную выше схему:

Факты – модель – следствие – эксперимент

При изучении темы урока и проведении практических работ. В дальнейшем продолжение исследования, способствует не только постановке эксперимента в физике, но и к использованию межпредметной интеграции, знаний по предметам естественно – математического направления, для решения задач, связанных с реальными проблемами, применение на уроке экспериментально-исследовательских заданий, направленных на предсказание результатов исследования и создание условий для развития исследовательского мышления и формирования навыков самостоятельной экспериментальной деятельности. Эксперимент позволяет поднять учащихся на более высокий уровень развития познавательного интереса, так как он связывает теорию с практикой, показывает применение теоретических знаний и необходимость их экспериментального подтверждения.

Используемая литература:

1. Учебная программа по физике для 7-10 классов. Астана. 2018 год
2. Уит И.Э.- Индивидуализация и дифференциация обучения. Педагогика 2016г.
3. Якиманская И.С. Дифференцированное обучение: внешняя и внутренняя формы. Статья «Педагогика» -2012г.
4. Дружинина О.М. – дифференцированный подход при проведении лабораторных работ по физике в старших классах средней школы –<http://nauka-pedagogika-13-00-02/dissertaciva-differentsirovannyy-podhod-pri-prjvedenii-laboratornyh-rabot#xzz5gswgfx>

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЫДЫСТАРЫ
АХМЕТ Мира Әбдіхамитқызы
Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығы
Түркістан облысы, Отырар ауданы, Қазақстан
www.mikontay@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада қазатың дәстүрлі қолөнері, қазақ шеберлерінің ағаштан жасаған бұйымдардың жасалу технологиясы қарастырылады. Автор ағаштан жасалған ыдыстардың кешегісі мен бүгінгісін зерттеу жұмыстарына, олардың этно-мәдени қызметінің маңыздылығына тоқталған.

«Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорында түрлі кезеңдерден мәлімет беретін 150-дан астам ағаштан жасалған бұйымдар сақталған. Музей қорындағы жәдігерлер музей қызметкерлерінің ұзақ уақыттар бойы жүргізген этнографиялық экспедициялары мен сол өлке тұрғындарының арнайы сыйға тартуы негізінде жинақталған. Жұмыста осы ағаш бұйымдардың ерекшеліктері мен оларды тұрмыста пайдалану үлгілері туралы айтылған.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің түсім кітаптары, облыстық музейдің ғылыми архивінің құжаттары, тақырыпты ашуға қажетті ғылыми мақалалар мен әдебиеттер зерттеу деректері болып табылды.

Мақалада негізгі қағида тарихи деректерге сүйену болып табылды, суреттеу, таныстыру, баяндау әдістері қолданылды.

Тірек сөздер: Қазақ халқы, қолөнер, мәдениет, тұрмыстық бұйымдар, ерекшеліктері.

Аннотация

В статье рассматриваются казахские традиционные ремесла, технология изготовления деревянных изделий казахскими мастерами. Автор акцентировал внимание на прошлом и настоящем исследованиях деревянных сосудов, значении их этнокультурной деятельности.

В фонде Государственного археологического музея-заповедника «Отырар» хранятся более 150 деревянных предметов разных периодов. Артефакты в музейной коллекции собраны на основе многолетних этнографических экспедиций сотрудников музея и специальных пожертвований жителей региона. В статье рассказывается об особенностях этих деревянных изделий и их использовании в быту.

Материалы и методы исследования: Источниками исследования стали книги поступлений музея-заповедника «Отырар», документы научного архива областного музея, научные статьи и литература, необходимые для раскрытия темы.

В статье основным методологическим принципом являлась опора на исторические источники, применялись описательные, ознакомительные, повествовательные приемы.

Ключевые слова: казахский народ, ремесла, культура, предметы домашнего обихода, особенности.

Abstract

The article discusses Kazakh traditional crafts, the technology of manufacturing wooden products by Kazakh craftsmen. The author focused on past and present research on wooden vessels and the significance of their ethnocultural activities.

The collections of the State Archaeological Museum-Reserve “Otyrar” contain more than 150 wooden objects from different periods. The artifacts in the museum collection are collected on the basis of many years of ethnographic expeditions by museum staff and special donations from residents of the region. The article talks about the features of these wooden products and their use in everyday life.

Research materials and methods: The research data were the books of the Museum, documents of the scientific archive of the Regional Museum, scientific articles and literature necessary for the disclosure of the topic.

The main principle of the article was based on historical data, methods of description, presentation, and narration were used.

Keywords: Kazakh people, crafts, culture, household goods, features.

Қолөнер халықтың ұлттық мұрасы. Қазақ халқының қолөнері – халықтың мәдениеті мен өнерінің айқын көрінісі. Жалпы қолөнер ерте заманнан бері атадан балаға мұра болып келе

жатқан өнер түрі. Қазақта қолөнер бірнеше бағытта жүргізілді солардың ең негізгілері ағаш ұқсату, темір өңдеу, сүйек пен мүйіз ұқсату, теріні ұқсату мен етікшілік өнері, тас өңдеу болды. Бұлардың өздері бірнеше салалардан тұрған. Мысалы, ағаш ұқсатудың – үйшілік өнері, ершілік өнері, жиһаздар мен ыдыс-аяқ жасау өнері сияқты түрлері болды [Арғынбаев, 1987: 35]. Ағаштан жасалған ыдыстардың кешегісі мен бүгінгісін зерттеу жұмыстарына, этно-мәдени қызметінің маңыздылығына тоқталатын болсақ – қазақ халқының қолөнер бұйымдарын этнографиялық тұрғыдан Г.Ф. Григорьев, А.Н. Бернштам, М.П. Грязнов, Ә.Х. Марғұлан, Г. Басенов, А.Қ. Жұбанов, Ө. Жәнібеков, Ө. Тәжімұратов, М.Ш. Өмірбекова, Х. Арғынбаев, Э. Масанов, С. Қасиманов сынды ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізіп құнды деректер жинақтады.

Қазақ халқы көшпелі мал шаруашылығымен немесе жартылай отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысқандықтан көшпелі өмір салтына байланысты ыдыс-аяқтары алғашқыда тек теріден және ағаштан жасаған. Себебі азық салуға, ас дайындауға сынбайтын ыдыс қажет болғандықтан, ыдыстар жеңіл әрі ықшамды етіп, көшпелі тұрмысқа бейімделіп жасалды. Ағаш өңдеу өнері ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан халық шығармашылығының сарқылмас қайнар көзі, халық мәдениетінің айнасы. Ағаш өңдеп, олардан бұйым жасау мақсатында шеберлер емен, қайың, самырсын, үйеңкі, қызыл қарағай, шынар, қара ағаш, ырғай, шырғай, қайыңның түбірі/безі/, тал, арша, жаңғақ ағашы, май қарағай сияқтыларды пайдаланды. Оларды безендіру жұмыстарында бұйымдарды күміспен қаптап, асыл тастармен өрнектеп, әсіресе ағаштан жасалған бұйымдарды сүйек пен мүйізден әшекейлеген. Сырдария бойында да ағаш оюға арналған материалдар болған – шынар, жаңғақ, алмұрт, жиде, қараған және т.б. Қайың және жаңғақ ағаштарының бұтақтары мен тамырларын да кәделеріне жаратқан [Қасиманов, 1969: 123].

Қайың ағашынан ұсталар ыдысты мықты болсын деп, қайыңның безін ойып, көлеңкеде кептіріп, содан кейін тұзды суға қайнатып алып, тағы да көлеңкеде кептіріп дегдітіп, асықпай шауып алып, ұңғып өңдеуге дайындап алады. Өйткені әбден кепкен қайыңда бөтен иіс те, шайыр да болмайды, сондықтан оған құйылған тамақтың дәмі де бұзылмайды, әрі ыстық-суыққа төзімді болып, жарылмайды. Ұстала келе қызыл қоңыр, шұбар түсті әдемі табиғи өрнегі (текстурасы) ашыла түседі. Мысалы: Илияс Жансүгіров ақынның «Сапты аяқ» атты өлеңінде: «Қабаққа біткен қайыңның беріші еді, безі еді» деп, ыдыстың берік болуы үшін қайыңның безді берішінен жасалатындығын айқын суреттейді [Нәлібаев, 1994].

Ағашты өңдеу үшін шеберлер әр түрлі құрал-саймандарды пайдаланған. Атап айтар болсақ, балта, пышқы, үстірік /сүргі/ бұрғы, ағаш түрпі, тез, қысқы, үскі, қашау, станок сияқты аспаптары. Сондай-ақ, түрлі өлшеуіштер мен үлгілер, қырғылар, желім, бояу сияқты көмекші құралдары да болды. Ал, қазіргі кездегі ұсталар механикаландырған аспаптарды: электр ара, электр фреза, электр сүргі, электр қашау, электрлік және пневматикалық ажарлау сияқты аспаптарды пайдаланады. Өлшеу белгілеу аспаптары: метр, рулетка, сызғыш, крон циркуль, ішкі өлшеуіш, деңгейлік, рейсмус, циркуль т.б. көмекші аспаптары; ұста балғасы, ағаш балғасы, қысқаш, бұрауыш, тістеуік, егеу т.б. [Тәжімұратов, 1977: 63]

Жалпы ағаштан киіз үйдің сүйегінен бастап үй жиһаздары мен ыдыс-аяқтарды да жасаған. Ыдыстардың сыртына ою-өрнек сирек түсірілген көбінесе қымыз ішуге арналған үлкенді-кішілі шара, сапты аяқ, тостаған, бүйрек формалы ожаулар сондай-ақ түрлі ожаулардың сабына да өрнектер түсіріліп отырған [Нұрмұхаммедұлы, 1970: 31]. Әсіресе, аяқ-табақтардың қызға арнап жасалғаны күміспен нақышталып жасалған.

Ата-бабаларымыз мал шаруашылығымен айналысқаны баршамызға аян. Олар жылқы малының биесін сауып, сүткілдей ішетін немесе ашытып, сусын ретінде қымызды ұзағырақ сақтауға және бабына келтіруге бейімді болу үшін ағаштан жасалған сабаға ашытқан. Қымызға арналған күбілер және аласалау жуандау болып келеді, осы күбідегі қымызды шайқау үшін піспекті пайдаланған, дайын болған қымызды тегенеге құйған. Тегененің – көлемі 10-15 литр шамасындағы үлкен дөңгелек, шұңғыл ыдыс. Тегенелердің сыртына ою-өрнек ойылып, сүйекпен, күміспен немесе түрлі асыл тастармен әшекейлеп жасаған [Жолдасбайұлы, 2006: 243]. Тегенеге құйылған қымызды сапырып, аяқ-аяққа құю үшін ағаш ожауды пайдаланған. Ағаш ожаудың екі түрі болған; бірі тұтас ағаштан ойып, тұтқасымен бір басты да, жеке басты да етіп жасаған. Мұндай ожаулардың сабын сүйектеп, күмістеп оюлап безендіретін болған. Енді ұсталар қымызды ішуге қайыңнан шауып, сыртын оюлап, безендіріп, үлкенді-кішілі шара, сапты аяқ, тостаған сияқты ыдыстарды жасаған. Ыдыс-аяқтарды, әсіресе қымызға арналған ыдыстардың

сыртын күмістеліп жасайтын болған. Өйткені бұл санитарлық – гигиеналық тазалықтың белгісі болған.

«Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорынан заман дамуының әртүрлі кезеңдерінен мәлімет беретін ағаштан жасалған бұйымдардың 150-дан астам түрлерін кездестіруге болады. Бұл заттар музей қорындағы жәдігерлер музей қызметкерлерінің ұзақ уақыттар бойы жүргізген этнографиялық экспедициялары мен сол өлке тұрғындарының арнайы сыйға тартуы негізінде жинақталған.

Музей-қорығындағы ағаштан жасалған бірнеше бұйымдарға тоқталсақ, асханалық заттардың бірі – шелек. Әр түрлі ағаштардан күнделікті үй шаруасына шүмекті және шүмексіз шелектерді пайдаланған. Шелектердің екі түрі болады – бірі түбі бөлек тақтайдан жасалынса, екіншісі ағаш кесіндісінің өзінен түп қалдырып жасайтындығы. Көбінесе шелектердің түп жағы мен аузына темірден құрсау салынып жасалады. Сиыр малының сүтін пісіп, майын алу үшін күбіге құйып, піспекпен шайқаған. Қазақстанның барлық өңірлерінде ағаштан әр түрлі күбілер жасалады. Күбі жасаудың да екі түрі болған – тұтас қайың кесіндісінің өзегін ұңғып, кеңейту арқылы жасалғаны және әр-түрлі ағаштардан дайындалған бірнеше бөлек жіңішке тақтайшалардың темір құрсауларымен біріктірілуі арқылы жасалатыны. Ағаш күбілердің түп жағы жуандау болып келеді де, жоғарылаған сайын жіңішкере береді. Аталмыш технологияда жасалынған күбі түрлерін Отырар музейінің қорынан ХІХ ғасырдың қолөнер шеберлерінің зерек ұсталығының негізінде қайыңды ұңғу әдісімен жасалынған ТҚ-462 нөмірдегі ұзындығы 1 метрдей болып келетін күбі өзіндік маңыздылығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, бірнеше ағаш тіліктерін темір құрсаулармен біріктіру әдісімен жасалынған күбінің түрлері музей қорында сақтаулы тұр. Мұндай қарапайым үлгіде жасалынған күбі қазіргі уақытқа дейін еліміздің барлық аумақтарында қолданыста бар екені белгілі.

Ата-бабамыз егін шаруашылығымен айналысқандықтан, тары, жүгері тағы да басқа дақылдарды түю үшін келі – келсапты қолданған. Қазақ ұсталары келі – келсап жасау үшін көбінесе жөпшендіге жарыла қоймайтын қайың ағашынан ішін ұңғып немесе екі не үш ағаш кесіндісінен қиюластырып, түйе терісімен қаптап та жасайтын болған. Келішілердің айтуынша келіні жасау үшін қыста бойына әбден нәр жинап, тас буын болып, қатайған талдарды түбірімен қазып алып, оны жаз бойы әбден кептіріп алады екен. Ағашты кептірудің бірнеше түрі болған. Мысалы: дөңбектің қабығын аршымай, құмға көміп кептіретіні, дөңбектің қабығын аршымай, ағашқа сиырдың тезегін жағып, оны қара көлеңкеде кептіретіні, кеспектің екі шетінен бір – бір қарыс жерінен ғана қабығын қалдырып, қалған жерінің қабығын түгел аршып, оның екі шетіне саз балшық жағып, көлеңкеде кептіретіні, дөңбектің қабығын бірден аршып тастап, оны екі күн кептіретіні. Енді осы кепкен кеспектің ішін ойып алады да, ішіне құрғақ топырақты толтырып, жерге бір жұма бойы көміп тастаған, құрғақ топырақ келінің бойындағы ыза мен тұзды сорып алады екен. Содан кейін келіні бір қалыпты температурада жылы жерде кептірген. Келі құрылымы жағынан екі түрге бөлінеді. Біріншісі – «Түбі тегіс келі», мұндай келінің түбі тегістеу болып келеді де, келсап тиіп, дөңді жармалап майдалауға, ұнтақтауға қолайлы болады. Екіншісі – «Түбі шұңғыл келі», келінің түбін шұңғыл етіп ойылған да, дөңді ақтауға пайдаланған. Шеберлер дайын болған келіні қызған тандыр ішінде ыстық қозға қақтап алып, оның іші-сыртына түгелдей қойдың құйрық майын немесе немесе түйе қомының майын әбден сіңгенше жағады. Келі жарылып кетпеу үшін, оның иіні мен табанын түйенің иленбеген терісімен қаптайды, шикі тері кепкен кезде тарылады да, келіні қатты қысып қалады. Сөйтіп келінің сыртын қайыспен ысып жалтыратып қояды. Келінің түйгіш ағашы – келсапты да қойдың құйрық майын сіңіріп, өңдеуден өткізеді. Келсаптың келіні түйгіштейтін жағы сәл жіңішке болады да, басы жуандау салмақты етіп жасалады. Ал қолға ұстайтын жерінен ойық тұтқа шығарылып жасалады [«Қазақтың этнографиялық категориялар...», 2012]. Міне, осындай келіге ата – бабаларымыз тары, жүгері, бидай тағы да басқа дақылдарды түю үшін қолданған. Отырар музейінің қорында қайыңнан, жиде және қара талдардан жасалған үлкенді-кішілі келілердің түрлері көптеп кездеседі. Оларға тоқталатын болсақ, жиде талының өзегі ұңғып жасалған музейдің этнография залының егін-шаруашылық бөлігінде кездесетін ТҚ-462 нөміріндегі иіні түйе терісімен қапталынған, биіктігі-48 м, дм-25 см, ал келсабының ұзындығы-1 м құрайтын келі-келсап және ТҚ-349 нөмірінде тіркелген музей қорынан орын алған кептірілген шөптен жасалынған дәрі-дәрмектерді түюге арналған келінің түрлерін көптеп кездестіре аламыз. Биіктігі-20 см, дм - 12 x 13 см болып келген кішігірім келінің бел ортасына екі сызық параллель

жүргізіліп, жоғарғы жағына ромбик тәрізді геометриялық өрнектің ішіне жұлдызша салынып, төменгі бөлігіне қошқар мүйізді ою-өрнектері ағашқа ойып түсірілген. Аталмыш кіші келсапты Отырар бөлімшесінің тұрғыны Кенже Қалмағанбетова музей қорына өткізген. Бұл өткен ата-бабаларымыздың дәстүрінің бізге қалдырған куәгері іспетті. Қазақстанның қай өңірінде болса да ағаш шеберлерінің көптеп жасайтын ыдыстары пісірілген етті түсіруге, оны қонақ үйге таситын сопақталып шабылатын астаулар мен жайпақ табақтар. Бұл ыдыстардың көлемі әр түрлі болады. Музей коллекциялары ел арасынан жиналған деректерді зерттеу негізінде астау мен жайпақ табақтардың бірнеше түрлерінің бар екенін айғақтайды. ТҚ-320 нөмірдегі ХХ ғасырдың қайың безінен сопақша етіп, бір қойдың еті бүтіндей сиятын көлемі 50-90 см астауды Отырар ауданының тұрғыны Аппарбеков Бексейіт деген кісі өткізген. Қазіргі кезде кейбір өңірде, кейбір мейрамханаларда етті астаумен тарту қайта жаңғырып отыр. Сондай-ақ ет салатын жайпақ табақтар, ағаш тостағандар және сорпа құятын үлкен ағаш ожау мен тамақ ішетін ағаш қасықтардың түрлері де біздің музейде көптеп кездеседі. Ежелден қазақта ожау мен шөмішті ерекше киелі деп санаған. Шөміш пен піспекте малдың ырысы мен ақтың берекесі тұрақтайды деп білген. Ожау жасауда шеберлер өздерінің тамаша өнерпаздығы мен асқан шеберлігін көрсеткен. Бір тұтас ағаштан тұтқасымен ожаудың жеке басты да түрін қызық етіп шығыршықты тізбектерден жасайды. Кейбір ожауларды қымызға салып жібергенде бетіне аққу сияқты жүзіп келетіні де болған [Тәжімұратов, 1977: 69]. Міне, осылай халық шеберлері байлыққа байлық қосып, молшылық жасаумен қатар, сол баршылықты байыпты етуге, тұрмыстық жиһаз – мүліктерімізді сәндендіре түсуге үлкен үлес қосты. Қолөнердің әсем туындылары еңбек адамдарына рухани азық болатын, эстетикалық талғамын қанағаттандыратын, сұлу да әдемі әрі тиімді түрлі ағаштан бұйымдарды жасады. Қазіргі уақытқа дейінгі қазақ халқының қолөнер түрлерін жан – жақты этнографиялық тұрғыдан зерттеудің ғылым үшін де, өмірлік тәжірибе үшін де маңызы өте зор. Көргендердің көзінің жауын алып, таңғалдырған, адам қолынан шыққан осынау небір ғажайып туындылар бүгінгі халқымыздың мақтанышы болса, ертеңгі болашақ үшін баға жетпес мұра.

ӘДЕБИЕТ

1. *Арғынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: «Өнер», 1987. 126 б.
2. *Жолдасбайұлы С.* Ежелгі және орта ғасырдағы қазақ халқының тарихы. Түркістан, 2006. 388 б.
3. *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: «Қазақстан», 1969, 248 б.
4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясы. 3 том. Алматы: РПК «Слон», 2012 ж. 736 б.
5. *Нәлібаев А.* Ағаш ою. Алматы: «Өнер», 1994.
6. *Нұрмұхаммедұлы Н.Б.* Қазақ халқының сәндік ою-өрнек өнері = Народное декоративно-прикладное искусство казахов [Мәтін] /; [ғыл. ред. Н.-Б. Нұрмұхаммедұлы]; Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мәдениет министрлігі, Қазақ ССР-і суретшілер одағы... Ленинград: Аврора, 1970. 207, [1] б.
7. *Тәжімұратов Ә.* Шебердің қолы ортақ. Алматы: «Қазақстан», 1977. 95, [2] б.
8. *Жәнібеков Ә.* Уақыт керуені. Алматы: «Жазушы», 1992. 192 б.

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

№	ФИО	стр
1.	SARMOLDINA Dinara Sailaubekovna	3
2.	БАЗАРБАЕВА Раушан Еркеновна	5
3.	БЕГЕЖАЕВА Галия Исмагуловна, ТКАЧЕНКО Татьяна Анатольевна	10
4.	К.А.ЕРНАЗАР, Ж.Т.БЕРИСТЕНОВ	14
5.	ДАВЛЕТКАЛИЕВА Гульмира Сержановна, УТКЕЛБАЕВА Сания Аманжановна	17
6.	ЖАҢЫРБАЙ Мөлдір Қуанышқызы	21
7.	ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ Үрзия	23
8.	КАБДОЛЛА Рауан Жумасейтқызы	26
9.	КИМ Екатерина Георгиевна	32
10.	МЕЛЬНИКОВА Индира Фридовна, АБИЛЬМАЖИНОВА Толкын Толегеновна	38
11.	МУҚАТАЕВА Гүлназ Кәдірқызы	41
12.	НҮРБЕК Қайсар Нұрболұлы	46
13.	ЖАКУБАЕВА Бактыгуль Бекболатовна, ОМАРОВ Абылайхан Бауржанович	48
14.	ТОККУЛИЕВА Назерке, САБИРОВА Ж.Н.	54
15.	ШУКАНОВА Найля Дуйсенғалиевна, ШАМТИЕВА Камила Витальевна	56
16.	МЕТХАТОВА Саулет Метхатовна	64
17.	ШИДАЛИНА Сара Қунақбаевна	65
18.	АХМЕТ Мира Әбдіхамитқызы	70

Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Авторлардың көзқарасы, ұстанымы сақталады. Жинақтағы деректердің нақтылығына авторлар жауапты. Олардың байлам-тұжырымдары редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін. Ғылыми басылымда жарияланған материалдар көшіріп басылған жағдайда сілтеме жасалуы тиіс.

**Халықаралық Білім және Ғылым Академиясы
International Academy of Education and Science
Международная Академия Образования и Науки**

2024